

## **«Bereke Business Formula 1 ырғағында» акциясының ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Bereke Business Formula 1 ырғағында» акциясын (бұдан әрі – Акция) «Bereke Bank» АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ, бұдан әрі – Банк) Bereke Business веб-қосымшасында Mastercard төлем жүйесі арқылы шетел валютасында экспресс-аударымдар жасаған кәсіпкер-клиенттер арасында өткізеді.

1.2. Акцияны өткізу мерзімі: 2026 жылдың 10 маусымынан бастап 2026 жылдың 10 қыркүйегіне дейін (қоса алғанда).

1.3. Акцияны өткізу аумағы: Қазақстан Республикасы.

1.4. Акцияның мақсаты – клиенттерді «Mastercard төлем жүйесі арқылы бизнеске арналған шетел валютасындағы экспресс-аударымдар» атты жаңа өнімді пайдалануға ынталандыру.

1.5. Акцияға қатысу осы Ережелермен толық әрі сөзсіз келісуді білдіреді.

### **2. Акцияға қатысушылар**

2.1. Акцияға Банктің клиенттері болып табылатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер (ЖК) қатыса алады.

2.2. Акцияға қатысу үшін клиент Акция кезеңінде Bereke Business веб-қосымшасында Mastercard төлем жүйесі арқылы шетел валютасында экспресс-аударым жасауы тиіс.

2.3. Банк қызметкерлері, Банктің аффилирленген тұлғаларының қызметкерлері, сондай-ақ Банпен ерекше қатынастармен байланысты өзге тұлғалар Акцияға қатыса алмайды.

2.4. Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға болып табылмайтын жеке тұлғалар Акцияға қатыса алмайды.

### **3. Акцияға қатысу тәртібі және жеңіске жету мүмкіндігі**

3.1. Акция кезеңінде клиент Mastercard төлем жүйесі арқылы шетел валютасында жасаған әрбір сәтті экспресс-аударым ұтыс ойынына бір қатысу өтінімі ретінде есептеледі.

3.2. Неғұрлым көп аударым жасалса, жеңіске жету мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

3.3. Акция кезеңінен тыс жасалған аударымдар есепке алынбайды.

3.4. Банк операцияларды тексеруге және күмәнді немесе алаяқтық белгілері бар транзакцияларды Акцияға қатысудан алып тастауға құқылы.

### **4. Акция жүлдесі**

4.1. Негізгі жүлде: Бакуде өтетін Formula 1 Гран-приіне екі адамға арналған жолдама сертификаты. Сертификат құрамына Formula 1 Гран-приіне билеттер, екі бағыттағы әуе билеттері, трансфер, қонақүйде тұру және Katy Perry концертіне (немесе іс-шара өтетін күндерге Гран-при ұйымдастырушысы ресми түрде жариялаған басқа әртістің концертіне) билеттер кіреді. Тур 2026 жылғы 24–28 қыркүйек аралығындағы жарыс демалысы кезеңіне жоспарланған.

4.2. Турдың өткізілу мерзімі: 24.09.2026–28.09.2026.

4.3. Сертификатта сериялық нөмір, қолданылу мерзімі, көрсетілетін қызметтердің толық тізбесі (турпакет) және туроператордың атауы көрсетілуі тиіс.

4.4. Жүлде айырбастауға немесе қайтарымға қолжетымсіз. Жүлденің ақшалай баламасы төленбейді, сондай-ақ оны басқа игіліктермен ауыстыруға жол берілмейді.

4.5. Акцияны өткізуге арналған жалпы бюджет 10 000 000 (он миллион) теңгеден аспайды. Бұл сомаға Жүлденің құны (9 000 000 теңгеден аспайды), сондай-ақ қалған сома шегіндегі барлық қолданылатын салықтар, алымдар және банктік комиссиялар кіреді.

### **5. Жеңімпазды анықтау тәртібі**

5.1. Жүлде қорының ұтыс ойыны 2026 жылдың 11 қыркүйегінде валюталық экспресс-аударымдар жасалған бір нөмірді кездейсоқ таңдау арқылы өткізіледі. Банк ұтыс ойынының күнін өзгерту құқығын өзіне қалдырады, бұл туралы клиенттерді Банктің ресми сайты арқылы міндетті түрде хабардар етеді.

5.2. Негізгі Жеңімпазға Жүлдені табыстау мүмкін болмаған жағдайда, бір мезгілде 2 (екі) резервтік жеңімпаз анықталады.

5.3. Ұтыс ойынының барысы Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында (Instagram: @berekbank, @berekbusiness\_kz) тікелей эфирде көрсетіледі. Эфир жазбасы сақталады.

5.4. Ұтыс нәтижелері комиссия мүшелері қол қоятын Ұтыс хаттамасымен рәсімделеді.

## **6. Жүлдені хабарлау және табыстау тәртібі**

6.1. Ұтыс ойыны өткізілген күннен (11.09.2026 ж.) бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банк Жеңімпазға Банктегі клиенттік карточкасында көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлайды.

- Қоңыраулар жұмыс уақытында (Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін) жүзеге асырылады;
- Банк кемінде 3 (үш) рет қоңырау шалуға әрекет жасайды, әр әрекеттің аралығы кемінде 2 (екі) сағат болуы тиіс;
- Егер көрсетілген мерзім ішінде негізгі Жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаса (абонент қолжетімсіз, жауап бермейді, телефоны өшірулі және т.б.) немесе Жеңімпаз Жүлдеден ауызша не жазбаша түрде бас тартса, ол Жүлдені алу құқығынан айырылады. Бұл жағдайда Жүлдені алу құқығы автоматты түрде бірінші резервтік жеңімпазға өтеді және оны хабардар ету рәсімі дәл осы тәртіппен қайталанады.

6.2. Жүлдені ресімдеу және алу үшін Жеңімпаздың уәкілетті өкілі (заңды тұлға немесе ЖК атынан) Банктен телефон арқылы сәтті хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде келесі құжаттар мен деректерді ұсынуға міндетті:

- Компанияның мүдделерін білдіруге, Жүлдені алуға және ілеспе құжаттарға қол қоюға құқық беретін заңды тұлғаның немесе ЖК-ның сенімхатының түпнұсқасы (егер ЖК өзі әрекет етсе – жеке басын куәландыратын құжат);
- Уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Жеңімпаздың атынан сапарға баратын 2 (екі) жолаушының жарамды паспорттарының көшірмелері (сапар басталған күніне кемінде 6 ай жарамдылық мерзімі болуы тиіс);
- Жеңімпаздың және сапарға баратын екі жеке тұлғаның атынан дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген қол қойылған келісім (Банк нысаны бойынша).

6.3. Жүлдені табыстау Банк пен Жеңімпаз арасында Жүлдені қабылдау-тапсыру туралы екіжақты актіге қол қою арқылы ресімделеді (қағаз түрінде немесе қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелерінде ЭЦҚ арқылы). Жүлдеге (сертификатқа) меншік құқығы аталған актіге екі тарап қол қойған сәттен бастап Жеңімпазға өтеді.

6.4. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап:

- Банк Жүлдені беру жөніндегі өз міндеттемелерін толық орындаған болып есептеледі және Жеңімпаздың (және/немесе ол таңдаған жолаушылардың) туроператормен, әуе компанияларымен, қонақүймен және Formula 1 Гран-приін ұйымдастырушылармен кейінгі қатынастары үшін жауапты болмайды;
- Банк Жеңімпаздың немесе жолаушылардың Жүлдені пайдалана алмауына Банкке байланысты емес себептер бойынша жауап бермейді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: виза беруден бас тарту, елге кіруге рұқсат берілмеуі, жеке тұлғалардың шетелге шығуына тыйым салынуы, рейске кешігу, ауру, форс-мажорлық жағдайлар және басқа да мән-жайлар.

6.5. Егер Жеңімпаз (немесе Жүлдені алу құқығы өткен резервтік жеңімпаз) 6.2-тармақта көрсетілген құжаттардың толық топтамасын белгіленген мерзімде ұсынбаса, не қабылдау-тапсыру актісіне қол қоядан жалтарса немесе бас тартса, бұл Жүлдеден біржақты бас

тарту болып танылады. Мұндай жағдайда Банк тарапынан ешқандай өтемақы (соның ішінде ақшалай өтемақы) төленбейді.

## **7. Салықтар және бухгалтерлік есеп**

7.1. Сапар сертификаты түрінде өтеусіз алынған мүлік (Жүлде) Жеңімпаздың табысы болып танылады және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес оның салықтық және бухгалтерлік есептілігінде міндетті түрде көрсетілуге тиіс.

7.2. Жүлде құнына салық салу тәртібі Жеңімпаздың ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты айқындалады:

- Заңды тұлғалар үшін (ЖШС және т.б.): Жүлденің құны өзге табыстар құрамына енгізіледі және компанияның жиынтық жылдық табысына (ЖЖТ) қосылады.

Корпоративтік табыс салығын (КТС) есептеу және төлеу міндетін Жеңімпаз заңды тұлға салық кезеңінің қорытындысы бойынша дербес жүзеге асырады. Бұл жағдайда Банк салық агенті болып табылмайды.

- Жеке кәсіпкерлер үшін (ЖК): ЖК қолданатын салық салу режиміне (жалпыға бірдей белгіленген тәртіп немесе оңайлатылған декларация негізіндегі режим) байланысты Жүлденің құны Қазақстан Республикасында алынған табыс көзі ретінде танылады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде ұтыстар мен өтеусіз алынған мүлік бойынша көзделген жағдайларда уәкілетті органдар тарапынан төлем көзінен салық салу немесе табысты дербес декларациялау жөнінде талаптар қойылуы мүмкін. Жеңімпаз ЖК аталған табысты өз декларациясында дұрыс көрсетуді өз міндетіне алады.

7.3. Банк Жеңімпаз үшін салықтарды төлеу міндеттемесін өз мойнына алмайды (заңнамаға сәйкес жүлдені беруші тұлғаға сөзсіз жүктелетін салықтар мен алымдарды қоспағанда).

Алынған Жүлденің құнынан салықтарды уақытылы немесе толық төлемегені үшін жауапкершілік толық көлемде Жеңімпазға жүктеледі.

7.4. Бухгалтерлік есеп жүргізу және алынған табыстың құнын растау мақсатында Банк Жеңімпазға осы Ереженің 4.5-тармағына сәйкес бекітілген бюджет шегінде қалыптастырылған нақты құны көрсетілген Жүлдені қабылдау-тапсыру актісінің түпнұсқасын ұсынады. Аталған Акт Жүлдені бухгалтерлік есепте тануға, балансқа қоюға және табыс ретінде көрсетуге негіз болып табылады.

## **8. Жариялылық және дербес деректер**

8.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы ұтыс нәтижелерін жария түрде хабарлауға, оның ішінде ЖК/ЖШС атауын және орналасқан қаласын жариялауға, сондай-ақ Жүлдені табыстау фактісін фото және бейнетүсірілім арқылы тіркеуге келісім береді.

8.2. Жеңімпаз және сапарға баратын жеке тұлғалар Акцияны өткізу және оның қорытындыларын шығару мақсатында өздерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және жариялауға, сондай-ақ олардың қатысуымен түсірілген фото және бейнематериалдарды пайдалануға келісім береді.

## **9. Өзге шарттар**

9.1. Банк осы Ережелерге өзгерістер енгізуге және/немесе Акцияны тоқтата тұруға немесе күшін жоюға құқылы. Өзгертілген Ережелердің жаңа редакциясы Банктің [www.berekebank.kz](http://www.berekebank.kz) сайтында жүктеледі. Қатысушылар енгізілген өзгерістерді өз бетінше қадағалауға міндетті.

9.2. Банк телекоммуникациялық немесе электр желілеріндегі іркілістер, зиянды бағдарламалардың немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан туындаған жағдайлар үшін жауапты болмайды.

9.3. Алаяқтық, жосықсыз әрекеттер және/немесе Акция шарттарын бұзу фактілері анықталған жағдайда Банк Қатысушыны алдын ала ескертусіз Акциядан шеттетуге құқылы.

9.4. Егер Жеңімпаз немесе резервтік жеңімпаз Банк тарапынан тиісті түрде хабарланған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қажетті құжаттарды ұсынбаса және Жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймаса, ол Жүлдені алу құқығынан айырылады.

9.5. Осы Ережелермен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес шешіледі.

#### **10. Байланыс ақпараты**

Акция және оның Ережелері туралы ақпарат Банктің [www.berekebank.kz](http://www.berekebank.kz) сайтында, сондай-ақ @berekebank және @berekebusiness\_kz ресми аккаунттарында қолжетімді.